



## ҚҰЖАТТАРЫН ӨНДЕУ БОЙЫНША АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік архиві» КММ Тайынша аудандық филиалының мұрағатшылары «Тайынша ауданының білім бөлімі» КММ құжаттарын ғылыми-техникалық өндегу, атап айтқанда Тайынша ауданы мектептерінің құжаттарын өндегу бойынша жұмыстары жүргізілуде.

Аудандарды үйімдастырылуына байланысты 1934 жылы Красноармейск аудандық халық ағарту бөлімі, 1939 жылы Чкалов аудандық халық ағарту бөлімі, 1936 жылы Келлер аудандық халық ағарту бөлімі үйімдастырылды.

Сол кезден бастап ауданның тұрғындары халықтың сауатсыздығын жоюға үлкен қадам жасады. Мектептердің білім беру нысандары әртүрлі болды, олардың көпшілігі бастапқыда бастауыш және жеті жылдық болды. Мұрағат деректеріне сүйенсек, шамамен 1970 жылдан бастап оқыту түрі міндетті сегіз жылдық білім беруге көшкен. Сегізжылдық мектеп түлектері 9-10 сыныптар аралығында толық орта мектептерде оқуын жалғастыра алатын. Сонымен қатар, мектептерде үзартылған күн топтары, кешкі, күндізгі және сырттай оқу мектептері, мектеп аралық оқу-өндірістік базалар ашылды, мектептерде интернаттар да жұмыс істеді. Ашылған мектептер халықтың көп үлтты құрамына үн қосты. Қазақ, орыс, неміс тілдерінде мектептер ашылды. 1987 жылдан бастап жаңа форманың нәтижесінде, 11 жылдық білім беру төртінші сыныптан бастап, бір жыл бұрын барлық сыныптарды ауыстыру арқылы енгізілді. Тәуелсіздік алғаннан кейін білім беруді дамытудың жаңа тәсілдері қалыптаса бастады. ҚР Президенттің 1997 жылғы 2 мамырдағы Жарлығымен Чкалов, Келлер және Красноармейск аудандары таратылып, аудандық білім бөлімдері бір Тайынша аудандық білім бөліміне біріктірілді. Құжаттарды өндегу барысында тарихтың ұмытылған деректері кездеседі. Құжаттардың табиғаты басқаша болды. Бұйрықтар мәтіндерін, педагогикалық кеңестер мәжілістерінің хаттамаларын ұсыну формасы оқушыларды адамгершілік, кеңестік патриотизм және пролетарлық интернационализм негізінде тәрбиелеудің қалыптасқан уақыт рухын көрсетеді. Оқушылар аудан өміріне, әсіресе дала жұмыстары кезінде: картоп егу мен жинауға, ағаштар мен бұталарды отырғызуға, шөп пен жем-шөп жинауға белсene қызысты. Оқушылар арасында, мысалы, металл сыйықтарын немесе макулатураны көбірек жинайтындар арасында жарыстар өткізілді. Нәтижелері жергілікті газеттерде жиі жарияланды. Бұл оқушыларды бірнеше рет осында жарыстарға қызысуға ынталандырыды. Балаларды еңбекке осылай таныстырыды.

Содан бері талай уақыт өтті. Білім беру жүйесі үнемі дамып отырады, өйткені оқытудың әдістерін, принциптерін, тәсілдерін жетілдіру қажет. Бірақ мақсат әрқашан бір: оқушылардың білім деңгейін көтеру.

Аты тек мұрағат құжаттарындаға кездесетін бірнеше мектептерді атап өткім келеді: Севастополь орта мектебі, Белоарская орта мектебі, Золоторунная негізгі мектебі, Талдықөл негізгі мектебі, Сүгрібай негізгі мектебі, Новоберёзовская негізгі мектебі, Авраамская орта мектебі, Розовская бастауыш мектебі, Южная бастауыш мектебі мектеп, Ворошилов бастауыш мектебі, Богатыровская бастауыш мектебі, т.б.

Барлық мектептер құжаттарды толық сақтай алмады. Мектептер құрылған кезден бастап құжаттар көп емес. Яснополянская орта мектебі, Летовочная орта мектебі, Краснополянская орта мектебі, Зеленогай орта мектебі, Алаботинская орта мектебі, Краснокаменская негізгі мектебі, Любимовская бастауыш мектебі, Макашевская орта мектебі, Большезиумовская орта мектебі, Горький орта мектебі, Донецкая орта мектебі, Дащенко-Николаевская негізгі мектебі, Зареченская бастауыш мектебі, Ильичевская орта мектебі, Ильичевская негізгі мектебі, Калиновка негізгі мектебі, Келлерорта мектебі, Киров орта мектебі, Краснодольск негізгі мектебі, Краснокиев орта мектебі, Чермошнянская орта мектебі, Подлесная орта мектебі сияқты мектептерде құжаттар толығымен дерлік және өте жақсы жағдайда тапсырылды.

Көбінесе құжаттар мұрағат ісі саласында «Мұрағаттық анықтамаларды, мұрағаттық құжаттардың көшірмелерін немесе мұрағаттық үзінділер беру» мемлекеттік қызметтерін көрсету үшін пайдаланылады. Біздің мақсатымыз – қызмет алушыларға ғана емес, тарихты бірте-бірте жинайтындарға өте қажет және маңызды құжаттарды сақтау.

Оксана ЕСМУХАНОВА, мұрағатшы.

## ҮЛТТЫҚ БАЯНДАМА ЖАРИЯЛАНДЫ



### СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӘНІНДЕГІ ҮЛТТЫҚ БАЯНДАМА

Құжаттың мақсаты қоғамды 2021 жылы Қазақстаның сыйайлалас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыру нәтижелері туралы хабардар ету болып табылады. Сыйайлалас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жәніндеғі үәкілдегі органдың, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен жүртшылықтың осы бағыттағы жұмысы баяндалды.

Сыйайлалас жемқорлыққа қарсы ағарту, сыйайлалас жемқорлықтың алдын алу, қоғаммен әріптестік, жауапкершіліктің бұлтартастығы бойынша қабылданған заңнамалық және практикалық шаралар, сондай-ақ БҰҰ Сыйайлалас жемқорлыққа қарсы Конвенциясының ережелерін, Еуропа ГРЕКО Қеңесінің басшылық қағидаттарын және Эыдұ ұсынымдарын ескере отырып, сыйайлалас жемқорлыққа қарсы саясаты одан әрі жетілдіру жәніндеғі ұсыныстар ұсынылды. Сондай-ақ, Қазақстанның сыйайлалас жемқорлыққа қарсы саясат мәселелерінде халықаралық ынтымақтастық бойынша күш-жігері, сондай-ақ елде және әлемде сыйайлалас жемқорлықты қабылдау деңгейін тәуелсіз бағалау қорытындылары көріністапты.

Үлттық баяндаамада Президенттің 2022 жылғы 2 акпандары Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында 2022-2026 жылдарға арналған сыйайлалас жемқорлыққа қарсы саясат Тұжырымдамасына және оны іске асыру жәніндеғі іс-қимыл жоспарына назар аударылды.

Құжат мемлекеттік қызметкерлерге, сарапшыларға, рейтингтік агенттіктерге, қоғам қайраткерлеріне, ғалымдарға және басқа да мүдделі тұлғаларға қызықты әрі пайдалы болады.

Үлттық баяндааманың толық мәтінін мына сілтеме бойынша оқылашыздар:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/anticorruption/documents/details/283483?lang=kk>

\* \* \* \* \*

## «ANTIKOR ORTALYĞЫ» ӨЗ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ



«Antikor ortalyǵy» жемқорлық мәселелері бойынша азаматтарды қабылдау алаңы болып табылады. Antikor ortalyǵy-ның мақсаты азаматтарды кедергісіз қабылдау және олардың өтініштері бойынша жедел шаралар қабылдау үшін қолайлы жағдай жасау болса, міндеттері жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бастандықтары мен заңды мүдделерін қорғау.

Antikor ortalyǵy-ның функциялары:

- жеке тұлғаларды және заңды тұлғаларды қабылдау;
- үәкілдегі органдар мен сотқа жүгінүде жеке тұлғаларға және заңды тұлғалардың өкілдерінен консультация беру және жардем көрсету;
- жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы сыйайлалас жемқорлыққа қарсы саясат пен құқықтық нормаларды түсіндіру.

Орталықтың жұмыс уақыты: дс-жм, сағ. 09:00-ден 17:00-ге дейін.

Мекен-жай: Петропавл қаласы, Интернационал көшесі, 60 үй. тел 8/7152/460370.

## МЕРЗІМІНЕҢ БҮРЫН БОСАТУ

Тайынша аудандық соты "Е" сottalushyның шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтінішін қанағаттандырыды. Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық сотының 2021 жылғы 21 шілдедегі қауылсымен сottalfan, өтмелеген мерзімге 1 жыл 28 күн. Сот отырысында сottalfan "Е" шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтінішті қолдады, әрі қарай ол бас бастандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу шарттарын бұзбағанын, оған сот жүктелген барлық міндеттерді орындағанын, жазаның белгіленген белілін іс жүзінде өтегенін, азаматтық талаптың бір бөлігін және сот шығындарын төлегенін түсіндірді. 2022 жылдың басынан бастап ҚҰБ бойынша 4 адам босатылды, сондай - ақ 2 сottalfanға қатысты сотқа шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтініш жолданды.

Осылайша, шартты түрде мерзімінен бұрын босату сottalfандарды заңға бағынатын өмір салтына ынталандырады

Жазасын өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату мүмкіндігі сottalfандар үшін олардың он мінез-құлқында үлкен ынталандыру болып табылады. Сүрінген адамдарда қалыпты өмірге оралу, қоғамға толықанды азамат болып оралу үшін жақын жаққа өзегеруге деген үміт бар.

**А.О.АХМЕДЬЯРОВА,**  
СҚО бойынша ҚАЖД Тайынша ауданының Пробация қызметі бөлімінің инспекторы әділет капитаны.

\* \* \* \* \*

## ТАЙЫНША АУДАНЫ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІНІҢ 2022 ЖЫЛЫ 2 ТОҚСАНҒА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

**Ақтанов Нұрлыжан Жақсылықұлы** - Тайынша ауданының ПБ бастығы полиция полковнігі - дүйсенбі-жұма 10.00 сағаттан 13.00 сағатқа дейін, 14.30 сағаттан 18.00 сағатқа, сенбі 10.00 сағаттан 16.00 сағатқа дейін.

**Аманбаев Арғын Қошқарбайұлы** - Тайынша ауданының ПБ бастығының бірінші орынбасары полиция майоры - дүйсенбі-жұма 10.00 сағаттан 13.00 сағатқа дейін, 14.30 сағаттан 18.00 сағатқа, сенбі 10.00 сағаттан 16.00 сағатқа дейін.

**Ыбыраев Даурен Мәулиұлы** - Тайынша ауданының ПБ бастығының жедел жұмыс жәніндеғі орынбасары полиция подполковнігі - дүйсенбі-жұма 10.00 сағаттан 13.00 сағатқа дейін, 14.30 сағаттан 18.00 сағатқа, сенбі 10.00 сағаттан 16.00 сағатқа дейін.

**Қасенов Қайрат Серікбайұлы** - Тайынша ауданының ПБ бастығының тергеу жәніндеғі орынбасары полиция подполковнігі - дүйсенбі-жұма 10.00 сағаттан 13.00 сағатқа дейін, 14.30 сағаттан 18.00 сағатқа, сенбі 10.00 сағаттан 16.00 сағатқа дейін.

**Нұрахметов Марат Әмірханұлы** - Тайынша ауданының ПБ бастығының кадр саясат жәніндеғі орынбасары полиция подполковнігі - дүйсенбі-жұма 10.00 сағаттан 13.00 сағатқа дейін, 14.30 сағаттан 18.00 сағатқа, сенбі 10.00 сағаттан 16.00 сағатқа дейін. ПБ бастығына қабылдау жүргізіледі тел: 22-8-75.

\* \* \* \* \*

## 200 ТЕНГЕЛІК БАНКНОТТАР

Қазақстан Үлттық Банкіне халықтан өтініштер түс бастады. Азаматтардың айтудынша, кәсіпкерлер тарапынан номиналы 200 теңгелік банкноттарды қабылдаудан бас тартқан жағдайлар бар. 200 теңгелік банкноттардың заңды төлем құралы болып қалатының еске салады. Олар 200 теңгелік монеталармен айналымда қатар жүреді және төлемдердің, банктик операциялар мен аударымдардың, барлық түрі бойынша қабылдануға міндетті. Үл банкноттарды банктер мен «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшесінде, сондай-ақ, ҚҰБ филиалдарында ұсақтауға және айырбастауға болады. Олар табиғи тозылығы жеткенде ғана айналымнан алынады. Мұндай банкноттарды қ

## ҒАБИТ МҮСІРЕПОВТЫҢ 120 ЖЫЛДЫҒЫНА КӨРКЕМСӨЗ ОҚУ ШЕБЕРЛЕРИНІҢ АУДАНДЫҚ БАЙҚАУЫ ӨТКІЗІЛДІ

2022 жылдың 4 сәуірінде аудандық кітапхана ғимаратында аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дene тәрбиесі және спорт бөлімінің үйімдастыруымен жазушы Ғабит Мұсіревовтың 120 жылдығына көркемсөз оқу шеберлерінің аудандық байқауы өткізді. Байқауға ауданның Абай, Амандақ, Большеизм, Летовочный, Чкалов, Келлер округтары мен Тайынша қаласынан үміткерлер қатысты. Байқауға аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дene тәрбиесі және спорт бөлімінің басшысы Г. Сағындықова, аудандық «Қазақ тілі» қоғамының терағасы Б. Жомартов, аудандық мәдениет үйінің директоры С. Нықышев, аудандық кітапхананың мемлекеттік тіл жөніндегі редакторы С. Құрманғалиева, аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дene тәрбиесі және спорт бөлімінің бас маманы Р. Жұмағұлов қазылық етіп, әділ бағаларын берді. Осы байқауда бірінші орынды Летовочный ауылдық округінен Мәдениет негізгі мектебінің мұғалімі Шадетхан Ақерке, екінші орынды Чкалов ауылдық округінен Жиенбаев Думан, үшінші орынды Абай ауылдық округінен Калиева Сәүле иеленді.

Сайра ҚҰРМАНҒАЛИЕВА,

аудандық кітапхананың мемлекеттік тіл жөніндегі редакторы.



\* \* \* \* \*

### • Ғабит Мұсіревовтің туғанына-120 жыл

Ғабит Мұсіревов 1902 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданында дүниеге келді. Оның азан шақырып қойған аты – Ғабді әл-Ғабит. Бұл арабша "Құдайдың құлы" деген мағынаны білдіреді. Ғабит Мұсіревов қазақ прозасында өз орынын ойып алған ұлы жазушы. «Ұлпан», «Қазақ солдаты» романдары, «Ана туралы балладалар», «Этнографиялық әңгіме» қатарлы әңгімелер жинақтары бүгінгі таңда да оқырман қолынан түспейді. «Амангелді» атты бірінші қазақ киносының сценарийін жазуға өз үлесін қосты (Вс. Иванов, Б.Майлинмен бірге). «Махаббат туралы дастан» және екі сериялы «Қызы Жібек» фильмдерінің сценарийін жазды. 1985 жылдың 31 желтоқсанында халық жазушысы 83 жасында өмірден өтті.

қара шие, жортып өтсөңде ат шашасын қызылға бояп жіберетін жидек пен бұлдірген. Екі жағындағы екі өзекте де жуа өседі, аралар үлайлды. Шебі де қалың» (F. Мұсіревов).

Ғабен ауылға келген сайын осы өңірді асықпай аралап, керемет бір күй кешеді екен. Бірде Елтінжалға сұғына кірген көзі шоқ қайының арасында есіп тұрған жалғыз шыршаға түседі. «Бұл араға қарағай қалай келді екен, әлде біреу отырғызды ма?» – деп сұрайды Ғабен қасындағылардан:

Жұрт аң-таң. «Айдалаға кім қарағай отырғызады?! Табиғаттың тағы бір құпиясы да». Ғабен жас шыршадан көзін ала алмай біраң тұрады да, Алматыдан өзімен бірге келген інілері Мақсұт Әубекіров пен сазгер Жоламан Тұрсынбаевқа: «Сәукеле, шапан, бүрмелі көйлек киген сұлу бойжеткендей сыланып тұрған мына қызы қарағайға бір ән жазындар», – дейді.

Ағаның сөзін інілері екі еткен бе, кешікпей ән жазылып, оны 1981 жылдың қазан айында қазақтың бүлбүл атасынан кеткен атақты әншісі Бибігүл Төлегенова республикалық радиодан орындаиды.

Осы арада Ғабенің ықыласына бөлөнген Мақсұт Әубекіров пен Жоламан Тұрсынбаев туралы аз-мұз әңгімелей кетуді жөн көріп отырмын. Бұл екеуі де Елтінжалға Ғабенге еріп талай келген. Сол кездері сырттай қарап, қызығушы едік, кейін жақынрыақ танысудың сәті түсті. Оның өзі – бір қызық әңгіме. Кеңес заманында Алматыда басшы қызметкерлерді даярлайтын жоғары партия мектебі болды. Сол мектептің жанындағы біліктілікті арттыру курсына жергілікті партия, кеңес қызметкерлерімен бірге журналистер де барып жүрді.

Бірде Алматыға қызмет арқылы танысып, кейін туыстай болып кеткен Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің партиялық жұмыс бөлімінің нұсқаушысы Сайын Есенғұловпен жолымыз бірге түсті. Тұске дейін дәріс тындаимыз, бос уақытта қала аралаймыз. Жоғары оқу орнын Алматыда тамамдаған Сайын қаланы бес саусағындағы біледі. Оның үстінен кезінде бір мектепте оқып, кейін бір үжымда бірге қызмет істеген Шашубай Малдыбаев осында оқып жатыр. Қолы босаса болды, ол да бізге қосылып кетеді. Осылай етіп жатқан күндердің бірінде Шашубай біздің бөлмемізге өзіміз шамалас бір жігітті ертіп келіп: «Жоламан Тұрсынбаев – біздің жерлесіміз», – деп таныстырыды. Сайын танымаса да, мен оны сырттай жақсы билетінмін. Есіл (бұрынғы жалғасы 4-бетте)

## ЕЛТІНЖАЛ СОЛТҮСТІКТІҢ ОРМАНЫ ЕКЕН...

Жарасбай СҮЛЕЙМЕНОВ, журналист,  
Қазақстан Жазушылар одагының мүшесі.  
Жалгасы. Басы газеттің №9 санында.

Жазушы тағы нені ойлауы, кімді еске алуы мүмкін? Сөз жоқ, Абайды еске алды, ұлы ұстазымен ой бөліседі, сырласады. Осы арада сөзіміз дәлелді болуы үшін Ғабенің белгілі сыншы марқұм Сағат Әшімбаевқа берген бір сұхбатында ортаға салған сездерін келтіре кетсек, артық болмас. «Мен Абайды алпыс жыл бойы оқып келемін. Әрбір оқыған сайын жаңа ой тауып келемін, сол үшін де өмір бойы табынып келемін. Өзінді-өзің түсінгің келсе, өзгені теренірек танығың келсе, өмірдің терең-терен сұрларына бойлағың келсе, Сұлтанмахмұт айтқандай «Абайды оқы, ерінбе». Абай – бой түземей, ой түзеймін дейтін адам үшін адамдық қасиеттің бірден-бір белгісі ойланудың, ой өсірудің құралы. Абайға табынбайтын адам – ақылға табынбайтын адам», – деген-ді ол сонда.

Абай... Ғабенің жүргегіне шоқ салған, от салған тағы кім бар? Ол, әрине, Мағжан. Мағжан Жұмабаев туралы оның «Құнделігінде» мынадай жолдар бар: «Заман алдында ақын тұр, ақын алдында заманы тұр. Ақының түсінбесе заманға сын, заманың түсінбесе ақынға сын. Трагедиялық кризис тұсына кездессе, қоғамдық белгілі жағдайда қалыптасқан сана-сезімнің ақыны көпке дейін көндіге алмауы, қарсылық білдіруі мүмкін».

Белгілі әдебиетші филология ғылыминың докторы Бақыт Кәрібаева «Қазақ әдебиеті» газетінің 2002 жылғы 8 қарашадағы санында жазғандай, «Нәзік жанды, поэзия тәнірісі Мағжан о баста-ақ жазушы жанын жаулап, іңкәр көңлілін суаттай сұарып тастағандай. Элем әдебиетінің сыр-сиқырын үздіксіз зерттеп, көркем таным тасын өрге домалата беруі де

Мағжан ықпалы болуы әбден мүмкін». Иә, осы ұлы екі тұлғаның қос өрім болып тарих бәйгесіне қосылғанын айғақтыйтын мысалдар жетерлік. Ол үшін Ғабенің Мағжан шығармашылығына ол ақталмаған кездің өзінде-ақ ден қойғанын айтсақ та жеткілікті. Ақын шығармаларын ауызға алуға болмайтын сол бір үрейіл кездің өзінде F. Мұсіревов Мағжан жырларын қойын дәптеріне жазып отырған. №337 дәптерінде Мағжан шығармаларын атақты «Шолпы» өлеңінің мәтінін толық жазып, аяғына 1975 жыл деген уақытты көрсетіпти. Сол дәптерде Мағжанның «Толқын» атты өлеңінің, №338 дәптерінде «Гүлсім ханымға» атты өлеңінің мәтіндерін жазып қойған. Мағжанға тыйым салынған қатал дәуірдің өзінде-ақ Ғабит Мұсіревов ақын шығармасының құдірет-құшіне сүйсіне, табына отырып, оны қадірлей, құрметтей білген. Сол бір аса қыын-қыстау кезеңде ешкімнен қаймықпай, сескенбей, әдебиет туралы, оның дарынды өкілдері жайлы өз жүргегінің сеніміндей ой-толғамдарын қағазға түсіріп отыруы Ғабит Мұсіревовтің азаматтық тұлғасының ірілігін, дарынының биіктігін, құдіреттілігін, тазалығын, болжампаздығын, қаһармандығын танытып, дәлелдейтін болса керек».

(Ә. Нарымбетов «Ғабит Мұсіревовтің қойын дәптерлері», «Қазақ әдебиеті», 1993 жыл). Алыстан қарауытып көрінетін қалың өрмәннен қаймықпай, сескенбей, әдебиет туралы, оның дарынды өкілдері жайлы өз жүргегінің сеніміндей ой-толғамдарын қағазға түсіріп отыруы Ғабит Мұсіревовтің азаматтық тұлғасының ірілігін, дарынының биіктігін, құдіреттілігін, тазалығын, болжампаздығын, қаһармандығын танытып, дәлелдейтін болса керек».

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Тайынша қаласының кішкентай ғана тұрғыны

**КЕҢЕС**

**Айсултан Нұрланұлы**  
сәуірдің 10 жүлдөзында 1 жасқа  
толады.

Немеремізді туған күнімен  
құттықтаймыйз!

«Балам – балым, немере –  
жаным», деген қазақыз ғой,  
әулетіміздің жалғасы – өсіп келе  
жатқан кішкене балапанымыз  
елінің арқа сүйер үлкен азаматы  
болсын. Бақытты балалық  
шақтаң аман-есен өтіп, есейіп ер

жетсін, ата-ана мен ағайын – туыстың мақтанды  
болсын.

Атасы мен әжесінің қазір еркесі, ертеңгі күндері  
қамқоршысы болады деп үміттенеміз!

**Бул дүниенің ең қызығы немере  
Канат жайын оле берсін кереге.  
Шаңыраққа уық болып шашылын  
Келе берсін немере мен шобере.**

**Оның иісі елден ерек тамаша  
Жүргөнің согуы да жаңаша.  
Шайга салған қант секілді ерисің  
Ата деген бір созіне балаша.**

**Сұраганың ізден тауып бересің  
Шаршасаң да, жүрші десе, ересің.  
Барған жерде қонақтардан ұялмай  
Дастарханнан қәмпитеттерді тересің.**

Немересіне ақ тілегін жодаушылар:  
атасы Кеңес Тақышұлы, әжесі Зейни Төлегенқызы.

Тайынша қаласы.

\* \* \* \* \*



Үй сатамын. Үйдің жағдайы жақсы. Ауласы кең, үйдің  
ішінде барлық жағдай жасалған.

Үйдің бөлмелері кең, жарық, биік.

Сатылатын баға келісімді.

Байланысты телефоны 87078352668

\* \* \* \* \*

## ВЕТЕРИНАРЛЫҚ ДӘРІХАНА “Жуматов М.С.” ЖК

Сериясы ВП №0000593 лицензия ҚР Ауыл  
шаруашылығы министрлігінің Солтүстік Қазақстан  
аумақтық басқармасымен берілген

**ЖЕКЕ ВЕТЕРИНАРЛЫҚ ДӘРІГЕР**

Сериясы ВП №004124 лицензия ҚР Ауыл  
шаруашылығы министрлігінің Солтүстік Қазақстан  
аумақтық басқармасымен берілген

Үй құстарына, атап айтсақ бройлер, үйрек және  
қазға арналған Ресейде өндірілген дәрүменді жем-  
азықтарды сатады. Сатылымда құстар арасындағы  
инфекциялық ауруларға қарсы құралдар да бар.

Мекенжайы: Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 294 және Пролетар көшесі, 291-1  
тел. 87779217555.

Меншік иесі: «Тайынша таңы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып,  
мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу  
жөніндегі ресми басылымы болып  
табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -  
Бас редактор  
**Гүл НУРАЛИНА**

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт  
министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г  
куәлігі берілген

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.»  
ЖК-де оффсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы,  
Әуелбеков көшесі, 98/үй.  
Тапсырыс 115. Тараптамы 1300.

## ЕЛТІНЖАЛ СОЛТУСТІКТІҢ ОРМАНЫ ЕКЕН...

Жарасбай СУЛЕЙМЕНОВ, журналист,  
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.



Ленин) ауданындағы Жекекөл ауылының тұмасы, Петропавл педагогика училищесінің музика бөлімін, кейін Алматыдағы музикалық консерваторияны тамамдаған, КСРО композиторлар одағының мүшесі. Сірә, Сайын да, мен де бірден ашыла қоймайтын түйік жандармыз. Ал Жоламан ашық екен, ашық болғанда да, кәдімгідей төбеден түскендей қойып қалады. Ол қоштасарда: «Жерлес болып шықтыңдар ғой, алдағы бейсенбі күні біздікіне қонаққа келіндер», – деді. Сайын екеуміз аң-таң болған күйі қала бердік.

– Өзі қызық жігіт екен, – дейді Сайын. – Эй-шай жоқ, қонаққа шақырып кетті, ғой.

– Рас, алдымен үйдегі кісімен ақылдастып алмай ма!?

– Соған қарағанда, жай айта салған сөз болуы да мүмкін...

Бейсенбі де келді. Таңертен сабакқа бармақшы болып жиналып жатыр едік, телефон шылдыр ете қалды. Ар жақтан дауыс саңқылдан естіліп түр, «Жоламанмың» – дейді. Сайын, сірә, Жоламанмен танысқанын үмітшып қалған ба, «кім, кім?» – деп қайта-қайта сұрайды. Трубканы орнына қойған соң «әнеугі жігіт, сағат жетіден кешікпендер», – деп жатыр деді.

– Үйінің адресін айтты ма?

– Шашубай біледі, сол алып келеді», – деді.

«Сынықтан басқаның бәрі жүғады», – дейді ғой, Сайын сияқты мен де қонаққа кешігүді білмеймін. Айтылған үақытта Жоламан үйінің табалдырығынан аттадық. Құшағын жайып, алдымыздан шықты, зайдыбымен таныстырыды. Ол кісі: «Жаңа пәтерге жуырдаға ғана көшіп едік, әлі жинап та үлгереп алмай жатырмыйз», – деп ақтала сөйледі.

Қонақ бөлмеге оздық. Устелді есіктен төрге дейін жасап тастапты. Сайын «Бізден басқа да қонақтар бар сияқты ғой», – деп жатыр. Кешікпей тағы екі кісі келді. Дастиарқаның басына отырғаннан кейін үй иесі оларды бізге, бізді оларға таныстырыды. Ұзын бойлы, ақ сары кісі Маңсұт Әубәкіров екен, ол кезде Қазақстан компартиясы орталық комитетінің сектор менгерушісі болуы керек, аты-жөнін айтқаннан кейін Сайынды бірден тани кетті. Қасындағы орта бойлы жүқалтай келген, қара торы жігіт ағасы, ол да біздің жерлесіміз, ақын Жарасбай Нұрқанов болып шықты.

– Жәке, дастиарқанды кең жайыпсың ғой, тағы да біреулер келүші ме еді? – деді Мәкен.

– Жоқ, жерлестер кең отырайық дегенім ғой.

Расында да, сол кеште Жекең үйінде кең де ұзақ отырдық. Қазақ: «Аузын ашса, көмекейі көрінеді» дейтіндей, ақкөңіл жан екен, барын аузымызға тосып, кеткенше бәйек болды. Жайшылықта біреуге баға беруге келгенде асыға қоймайтын Сәкең тақсиге отырып жатып «өзі бір ер жігіт екен», – деді.

Жоламан Тұрсынов, шынында да, ер жігіт екен. Оған кейін көзім талай рет жетті. Астана Алматыдан Ақмолаға ауысқанна кейін біздің қарым-қатынасымыз, тіпті, жиілей түсті. Мәдениет және ақпарат министрлігінде жауапты қызмет істейтін Жекең елге келген сайын хабарласпай кетпейтін.

Жоламан Тұрсынбаев – күрделі дүниелер жаған еліміздің музика әлеміндегі белгілі тұлға. Оны алматылықтар да, астаналықтар да жақсы біледі. Бір Қызығы, оның есімі өзінің жерлестеріне жақсы таныс

емес. Маған осы бір жай үлкен олқылық сияқты көрінуші еді. Соның орнына толтырсын деген ниетпен Жекеңің алпыс жылдығы қарсаңында (2005 ж.) облыс әкіміне хат жазып, елімізге белгілі композитордың шығармашылық кешін өткізу туралы үсыныс жасаған едім. Алайда, неге екенін білмеймін, қолдау болмады. Әзгелерге келгенде шашылып-төгілуге даяр тұратын мәдениеттің тізгінін үстап отығандардың дәл сол жолы тарылған, өз үлін өзеккетепкеніне әлі күнгө өкінемін.

«Қызықарағайдың» сөзін жазған Маңсұт Әубәкіров төтінде білімді, сан-қырлы талант иесі еді. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасынан кейін Қазақстан телерадиокорпорациясының төрағасы болып тағайындалған Марқұм Сағат Әшімбаев оны өзіне бірінші орынбасар етіп алды. Мен Мәкенмен нақ, осы кезде жиі араласа бастадым. Оған себеп болған төрағамыз Сағат Әшімбаевтың өзі. Ол кісі біздің облыста іссапарда болған кезде үш күн қасына еріп жүріп, біраз жайға қаныққан едім. Сәкең Алматыға қайтарында Қызылжар әуежайының басында: «Қызыметке шақырсам, Алматыға келесің бе?» – деп маған күтпеген сауал тастады. Қапелімде не дерімді білмей жауаптан тосылып қалдым. Кейін осы мәселе бойынша Мәкене тапсырма беріп, маған хабарласуын сұрапты. Мен Мәкене үйреніп қалған ортамды тастап Алматыға баруға жүрексінетінімді жеткіздім. Ол кісі де: «Ойлан, бір шешімге келіп жатсаң хабарлас, кештік етпейді», – деп мені асықтырған жоқ.

Ақыры не керек, сол кіслердің қолдауымен қазақ радиосының Солтүстік Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі болып тағайындалдым. Қазақ радиосының 60 жылдығына қарай Алматыда өткізілген салтанатта Абай атындағы театрдың фойесінде кездесіп қалған Сәкеңің бүрүліп келіп: «Алматыға келмесен де біздің үжымға мүше болдың, таяуда Петропавлға келемін, сонда ақылдасамыз», – дегені әлі күнгө есімде. Осы бір жылды өзінде төбем көккө жеткендей қатты қуандым. Алайда, тағдыр бізге қайта кездесуге жазбапты. Кешікпей сүм ажал қазақтың тағы бір аяулы үлін арамызыдан алып кетті.

Өкінішке қарай, Маңсұт Әубәкіровтің өмірі де қысқа болды. Бірақ есімі үмітшылып жатқан жоқ, «Қызықарағай» қазақтың кеңдаласын шарлап жүр.

Ауылында бар ағаның қызықарағай,  
Тал бойында бір мін жоқ қызы баладай.

Ақ балтырлы аққайың арасында,  
Жалғыз өсіп, асқақтап, тұр дарағай.

Қызықарағай, қызықарағай...

Жалғыз өсіп, асқақтап, тұр дарағай.

Ауылында бар ағаның қызықарағай,  
Қызығамыз көркіне біз баладай.

Аясынан жаныңыз сая тауып,

Оған мәңгі үл мекен қызы қарағай.

Қызықарағай, қызықарағай...

Оған мәңгі үл мекен қызы қарағай.

...Қыс өтіп, көктем келді. Жер-дүние жасарып, жайнайтын, табиғат түлейтін кез. Елтінжалдың да бүгінгі реңі өзгеше. Ол ертең, тіпті, құлпырады. Жапырағы жайқалған қайың-терек сыйдыр қағып, наурызда туған науан үлға сағынышын жеткізеді.

Тайынша ауданы әкімінің аппараты  
ВИКТОР ИВАНОВИЧ ГЕРТЕРДІҢ қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына **КӨҢІЛ АЙТАДЫ**.

Меншік иесі: «Тайынша таңы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.